1899 шотының атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1899. Басқа да операциялар бойынша талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Туынды қаржы құралдармен басқа да операциялар жүргізу нәтижесінде пайда болған талаптар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды қаржы құралдармен басқа да операциялар

жүргізу нәтижесінде пайда болған талаптар сомалары, сондай-ақ оң бағалау
с о м а л а р ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша қарсы әріптес ақы төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдармен операцияларды жойған кезде операциялар жүргізу нәтижесінде пайда болған талаптар сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.";

2016 шотының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2016. Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары (пассив).";

2016 шотының сипаттамасында "клиенттерге" және "клиенттің" деген сөздер "басқа банктерге" және "басқа банктің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2068 шотының атауы мен сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2069 және 2070 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2069. Алынған заемдар бойынша сыйлықақы (пассив).

Шоттың мақсаты: Заемды өтеу сомасынан (сыйлықақы) нақты алынған заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) асып түскен сомасын
е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша заемды өтеу сомасынан (сыйлықақы) мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда нақты алынған заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) асып түскен сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша N 4330 баланстық шоты бар корреспонденцияда алынған заем бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады.

2070. Алынған заемдар бойынша дисконт (контрпассив).

Шоттың мақсаты: Мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда нақты алынған заем сомасынан заемды өтеу сомасының асып түскен сомасын (дисконт)
е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда нақты алынған заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) заемды өтеу сомасының асып түскен сомасы (дисконт) жазылады.

Шоттың дебеті бойынша N 5069 баланстық шоты бар корреспонденцияда алынған заем бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады.";

2130 шотының атауы мен сипаттамасында "(кепілзат, кепілдік, кепіл)" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2130 шоты сипаттамасының екінші абзацында "банктік салым шарты" деген сөздерден кейін "және/немесе кепіл туралы шарт" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"(кепілзат, кепілдік, кепіл)" деген сөздер "(кепілдік, ипотека)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2130 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2131 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2131. Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қардарлық) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қардарлық) ретінде қабылданған басқа банктердің ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша оның міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қардарлық) ретінде қабылданған басқа банктердің ақша сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қардарлық) ретінде қабылданған басқа банктердің ақша сомалары есептен шығарылады.";

2138 шотының атауы мен сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2139 және 2140 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2139. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы (п а с с и в) .

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) нақты алынған соманың салымның (сыйлықақы) қайтарылатын сомасынан асып түскен сомасын есепке а л у .

Шоттың кредиті бойынша салым бойынша нақты алынған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымның (сыйлықақы) қайтарылатын сомаларының асып түскен сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша N 4270 баланстық шоты бар корреспонденцияда тартылған салым бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады.

2140. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша дисконт (к о н т р п а с с и в) .

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша қайтарылатын соманың (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдар бойынша нақты алынған сомалардың (дисконт) асып түскен с о м а л а р ы н е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомаларының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдар бойынша

(дисконт) нақты алынған ақша сомасынан асып түскен сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша N 5138 баланстық шоты бар корреспонденцияда тартылған салым бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады.";

2210 шотының атауы мен сипаттамасынан "(трасттық)" деген сөз алынып тасталсын;

2211 шотының атауы мен сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2212 және 2213 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2212. Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары (п а с с и в) .

Шоттың мақсаты: Клиенттерге тиесілі тазартылған қымбат металдар құнын е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша клиенттің шотына түскен тазартылған қымбат металдар құны ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша клиенттің тапсырмасы бойынша түскен тазартылған қымбат металдар құны есептен шығарылады.

2213. Салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісіне жататын клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ететін (кепілдік беретін) салым (пассив).

Шоттың мақсаты: Салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісіне жататын клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілдік, ипотека) ретінде банктік салым шарты және/немесе кепіл туралы шарты бойынша қабылданған ақша (салым) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша оның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілдік, ипотека) ретінде қабылданған ақша (салым) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілдік, ипотека) ретінде қабылданған ақша (салым) сомалары есептен шығарылады.";

2221 шоты сипаттамасының екінші абзацында "банктік шотының" деген сөздер "карт-шотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2223 шотының атауында "(кепілзат, кепілдік, кепіл)" деген сөздер алынып тасталсын;

2223 шотының сипаттамасында:

бірінші абзацында "банктік салым шарты" деген сөздерден кейін "және/немесе кепілдік шарты" деген сөздермен толықтырылсын;

"(кепілзат, кепілдік, кепіл)" деген сөздер "кепілдік, ипотека" деген сөздермен ауыстырылсын;

2237 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2238, 2239 және 2240 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2238. Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы (пассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттерден тартылған салымдар бойынша нақты алынған ақша сомаларының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдарды (сыйлықақы) қайтарылатын сомасынан асып түскен сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған ақша сомаларының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдарды (сыйлықақы) қайтарылатын сомасынан асып түскен сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша N 4440 баланстық шоты бар корреспонденцияда тартылған салым бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады.

2239. Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт (контрпассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттерден тартылған салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомаларының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдарды (дисконт) салымдар бойынша нақты алынған сомадан асып түскен сомаларды е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша қайтарылатын ақша сомаларының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдарды (дисконт) салымдар бойынша нақты алынған сомадан асып түскен сомалар жазылады.

Шоттың кредиті бойынша N 5236 баланстық шоты бар корреспонденцияда тартылған салым бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады.

2240. Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл) ретінде кепілдік шарты бойынша қабылданған ақшаны есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл) ретінде қабылданған ақша сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қардарлық) ретінде қабылданған ақша сомалары жазылады.";

2305 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2306 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2306. Сатып алынған облигациялар (контрпассив).

Шоттың мақсаты: Ұстаушылардан сатып алынған айналысқа шығарылған облигациялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Ұстаушылардан сатып алынған айналысқа шығарылған облигациялардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа ұстаушыларға оларды сатқан немесе оларды жойған кезде сатып алынған облигациялардың номиналдық құны есептен шығарылады.";

2402 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2403, 2404, 2405 және 2406 шоттарының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2403. Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйлықақы (п а с с и в) .

Шоттың мақсаты: Айналысқа шығарылған реттелген облигацияларды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асып түскен сомаларын е с е п к е а л у (с ы й л ы қ а қ ы) .

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған реттелген облигацияларды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асып түскен сомалары ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша N 4455 баланстық шоты бар корреспонденцияда айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйлықақы а м о р т и з а ц и я с ы ж а з ы л а д ы .

2404. Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконт (к о н т р п а с с и в) .

Шоттың мақсаты: Айналысқа шығарылған реттелген облигацияларды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асып түскен сомаларын е с е п к е а л у (д и с к о н т) .

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған реттелген облигацияларды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асып түскен сомалары ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша N 5403 баланстық шоты бар корреспонденцияда айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконт а м о р т и з а ц и я с ы ж а з ы л а д ы .

2405. Сатып алынған реттелген облигациялар (контрпассив).

Шоттың мақсаты: Ұстаушылардан сатып алынған айналысқа шығарылған реттелген облигациялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Ұстаушылардан сатып алынған айналысқа шығарылған реттелген облигациялардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа ұстаушыларға оларды сатқан немесе оларды жойған кезде сатып алынған реттелген облигациялардың номиналдық құны е с е п т е н ш ы ғ а р ы л а д ы .

2406. Реттелген облигациялар (пассив).

Шоттың мақсаты: Айналысқа шығарылған реттелген облигациялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған реттелген облигациялардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өтеу кезінде айналысқа шығарылған реттелген облигациялардың номиналдық құны жазылады.";

2552 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2701 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2701. Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Шоттың мақсаты: Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ақы төлеу кезінде корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар сомалары жазылады.";

2708 шотының атауы мен сипаттамасы мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай редакцияда жазылсын:

"2708. Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар металл қайтарылған кезде есептен шығарылады.";

2713 шотының атауында және сипаттамасында "(кепілзат, кепілмен, кепілдікпен)" деген сөздер алынып тасталсын;

2713 шотының сипаттамасындағы "(кепілзат, кепілмен, кепілдікпен)" деген сөздер "(кепілдік, ипотека)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2716 шотының нөмірі, атауы және сипаттамасы алынып тасталсын;

2715 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2717 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2717. Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша металды қайтарған кезде клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар сомалары есептен шығарылады.";

2723 шотының атауында және сипаттамасында "(кепілзат, кепілмен, кепілдікпен)" деген сөздер алынып тасталсын;

2723 шотының сипаттамасындағы "(кепілзат, кепілмен, кепілдікпен)" деген сөздер "(кепілдік, ипотека)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2730 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2731 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2731. Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ақы төлеген кезде басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар сомалары есептен шығарылады.";

2747 шотының атауындағы "(кепілзат, кепілмен, кепілдікпен)" деген сөздер алынып тасталсын;

2747 шотының сипаттамасындағы "(кепілзат, кепілмен, кепілдікпен)" деген сөздер "(кепілдік, ипотека)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2755 шотының атауындағы және сипаттамасындағы "(трасттық)" деген сөз алынып тасталсын;

2755 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2770 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2770. Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Шоттың мақсаты: Болашақта ақысы төленетін, қазіргі кезеңге жататын әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ақы төлеу кезінде әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар сомалары есептен шығарылады.";

2793 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2794 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2794. Болашақ кезеңдер кірістері (пассив).

Шоттың мақсаты: Болашақ кезеңдер кірістері сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің сомасын есептеу әдісі бойынша нақты кірістерге есептен шығару жазылады.";

2815 шотының атауындағы және сипаттамасындағы "(трасттық)" деген сөз алынып тасталсын;

2819 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2820 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2820. Аудит және консультациялық қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыс ақы (пассив).

Шоттың мақсаты: Осы кезеңге қатысты, ақысын төлеу болашақта күтілетін аудит және консультациялық қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша аудит және консультациялық қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша аудит және консультациялық қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыстардың оларды төлеген кезде сомаларын есептен шығару жазылады.";

2835 шотының атауындағы және сипаттамасындағы "(трасттық)" деген сөз алынып тасталсын;

2860 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2861 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2861. Демалыс төлемақыларына арналған резерв (пассив).

Шоттың мақсаты: Қызметкерлерге төленетін демалыс төлемақыларына арналған резервтердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қызметкерлерге төленетін демалысқы төлемдеріне арналған резервтердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қызметкерлерге төленетін демалыс төлемақыларына арналған резервтердің сомаларын N 2854 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

2874 және 2875 шоттарының атауындағы және сипаттамаларындағы "(контрактив)" деген сөз "(пассив)" деген сөзбен ауыстырылсын;

2891 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2891. Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша фьючерс операцияларын жүргізу нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде пайда болған міндеттемелердің сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.";

2892 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2892. Форвард операциялары бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Форвард операциялары бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша форвард операцияларын жүргізу нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары

ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде пайда болған міндеттемелердің сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.";

2893 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2893. Опцион операциялары бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Опцион операциялары бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу .

Шоттың кредиті бойынша опцион операцияларын жүргізу нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде пайда болған міндеттемелердің сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.";

2894 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2894. Спот операциялары бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Спот операциялары бойынша міндеттемелердің сомаларын е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша спот операцияларын жүргізу нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша спот операцияларын төлеу немесе жою кезде пайда болған міндеттемелердің сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.";

2895 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2895. Своп операциялары бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Своп операциялары бойынша міндеттемелердің сомаларын е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша своп операцияларын жүргізу нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша своп операцияларын төлеу немесе жою кезде пайда болған міндеттемелердің сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.";

2896 шотының нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

2899 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2899. Басқа да операциялар бойынша міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Туынды қаржы құралдармен басқа да операциялар бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу .

Шоттың кредиті бойынша туынды қаржы құралдармен басқа да операциялар жүргізу нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс

қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банк төлеген немесе туынды қаржы құралдармен басқа да операциялар жойылған кезде пайда болған міндеттемелердің сомаларын , сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.";

3001 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3001. Жарғылық капитал - жай акциялар (пассив).

Шоттың мақсаты: Жай акциялар бойынша жарғылық капиталдың сомаларын е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды оларды номиналдық құны бойынша төлеу және акцияларды инвесторларға (инвесторға) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген орналастыру бағасы бойынша сату сомасы ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылған акциялардың сомаларын есептен шығару жазылады.";

3001 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 3002 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3002. Төленбеген жарғылық капитал - жай акциялар (актив).

Шоттың мақсаты: 2003 жылғы 16 мамырға шығарылған, акционерлер орналастырмаған және төлемеген жай акциялардың номиналдық құнын есепке а л у .

Шоттың дебеті бойынша акционерлер орналастырмаған және төлемеген жай акциялардың жарияланған номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жай акциялардың жарияланған номиналдық құны есептен шығару жазылады.";

3003 шотының атауы және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3003. Сатып алынған жай акциялар.

Шоттың мақсаты: Орналастырылған жай акцияларды сатып алу құнын есепке а л у .

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес орналастырылған акцияларды сатып алу сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған орналастырылған акциялардың оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кейіннен сатқан немесе жойған кездегі сомасын есептен шығару жазылады.";

3025 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3025. Жарғылық капитал - артықшылықты акциялар (пассив).

Шоттың мақсаты: Артықшылықты акциялар бойынша жарғылық капиталдың с о м а л а р ы н е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың номиналдық құны бойынша төлеу және акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен инвесторларға (инвесторға) сату сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылған акциялардың сомаларын есептен шығару жазылады.";

3025 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 3026 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"3026. Төленбеген жарғылық капитал - артықшылықты акциялар (актив).

Шоттың мақсаты: 2003 жылғы 16 мамырға шығарылған, акционерлер орналастырмаған және төлемеген артықшылықты акциялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша акционерлер орналастырмаған және төлемеген артықшылықты акциялардың жарияланған номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша артықшылықты акциялардың жарияланған номиналдық құны есептен шығару жазылады.";

3027 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3027. Сатып алынған артықшылықты акциялар (актив).

Шоттың мақсаты: Орналастырылған артықшылықты акцияларды сатып алу құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес орналастырылған акцияларды сатып алу сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған орналастырылған акциялардың оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кейіннен сатқан немесе жойған кездегі сомасын есептен шығару жазылады.";

3051 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3051. Жарғылық капитал - салымдар және пайлар (пассив).

Шоттың мақсаты: Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарында белгіленген жарғылық капиталының мөлшерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталына енгізілген активтердің сомалары (құны) жазылады.

Шоттың дебеті бойынша енгізілген активтердің сомаларын (құнын) олар қайтарылған немесе кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарында белгіленген жарғылық капиталы азайтылған кезде есептен шығару жазылады.";

3101 шотының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3101. Қосымша төленген капитал.

Шоттың мақсаты: "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 16 мамырға дейін шығарылған акциялар бойынша қосымша төленген капиталдың сомаларын

(акцияларды орналастыру бағасы және олардың номиналдық құны арасындағы немесе орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы және кейіннен сату бағасы арасындағы айырма), сондай-ақ енгізілген салымдардың (мүліктік жарналардың) салымның (мүліктік жарнаның) құрылтай құжаттарында белгіленген құнынан асып кету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша акцияларды орналастыру бағасы және олардың номиналдық құны арасындағы немесе орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы және кейіннен сату бағасы арасындағы, сондай-ақ енгізілген салымдардың (мүліктік жарналардың) салымның (мүліктік жарнаның) құрылтай құжаттарында белгіленген құнынан асып кету сомасы арасындағы оң айырманың с о м а л а р ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша, егер сатып алынған орналастырылған акциялардың кейіннен сату бағасы осы акцияларды сатып алу бағасынан төмен болса, қосымша төленген капиталды есептен шығару жазылады.";

3101 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 3120 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3120. Кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарналары (пассив)

Шоттың мақсаты: Кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарналарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарналарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарналарының сомаларын оларды қайтару кезінде есептен шығару жазылады.";

3589 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 3590 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"3590. Гиперинфляцияға түзету шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Есепті күнге бағаның өзгерісіне әсер етуді көрсететін ақшалай емес активтердің есепке алу (баланстық) құнын түзету сомаларын е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша есепті күнге бағаның өзгерісіне әсер етуді көрсететін ақшалай емес активтердің есепке алу (баланстық) құнын түзету с о м а с ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша бағаның өзгерісіне әсер етуді көрсететін ақшалай емес активтердің есепке алу (баланстық) құнын түзету сомасын активтерді пайдалануға қарай немесе шығару сәтінде N 3599 баланстық шотына есептен шығару жазылады.";

4104 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 4105 шотының атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4105. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4265 шотының атауындағы "(кепілзат, кепіл, кепілдеме)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

4265 шотының сипаттамасындағы "(кепілзат, кепіл, кепілдеме)" деген сөздер "(кепілдік, ипотека)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4265 шоттың атауындағы және сипаттамасындағы "кепілзат" және "кепілдеме" деген сөздер алынып тасталсын;

4265 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 4266 және 4270 шоттарының атауларымен сипаттамаларымен толықтырылсын:

"4266. Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

"4270. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша сыйақы амортизациясы бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4311 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 4312 шотының атауларымен сипаттамасымен толықтырылсын:

"4312. Басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконттың амортизациясы бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконттың амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконттың амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4326 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 4327, 4328 және 4331 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"4327. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша мерзімі өткен берешегі бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер.

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша борыш пен сыйақының негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша борыш пен сыйақының негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы сыйақы алуға байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару немесе баланстан есептен шығару жазылады.

4328. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер.

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша борыш пен сыйақының негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегі бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша борыш пен сыйақының негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегі бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару немесе баланстан есептен шығару жазылады.";

"4330. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша дисконттың амортизациясы бойынша к і р і с т е р .

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша дисконттың амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша дисконттың амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа е с е п т е н ш ы ғ а р у ж а з ы л а д ы .

4331. Алынған заемдар бойынша сыйақы амортизациясы бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Алынған заемдар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша алынған заемдар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4433 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 4434 және 4440 шоттарының атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"4434. Клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт амортизациясы б о й ы н ш а к і р і с т е р .

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

"4440. Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйақы амортизациясы б о й ы н ш а к і р і с т е р .

Шоттың мақсаты: Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4445 шотының атауындағы және сипаттамасындағы "(трасттық)" деген сөз алынып тасталсын;

4454 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 4455 және 4456 шоттарының атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"4455. Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйақы амортизациясы бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

4456. Сатып алынған облигациялар бойынша сыйақы амортизациясы бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Ұстаушыларынан сатып алынған, айналысқа шығарылған облигациялар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұстаушыларынан сатып алынған, айналысқа шығарылған облигациялар бойынша сыйақы амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын N 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4605 шотының атауындағы және сипаттамасындағы "(трасттық)" деген сөз алынып тасталсын;

4703, 4704, 4709 және 4710 шоттарының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4703. Шетел валютасын қайта бағалаудан жұмсалмаған кіріс.

